



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №10 (10 316)

● 13 наурыз

● жұма

● 2026 жыл

● aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАРОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен саланы дамыту перспективасы жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер туралы баяндалды. Министр жалпы және нәрестелер өлімі 15,3 пайызға төмендегенін айтты. Қазақстанда жұқпалы емес аурулардан мерзімінен бұрын қайтыс болғандар саны 25 пайызға азайды. Осылайша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мақсатты көрсеткішіне қол жеткізілді.

Мемлекет басшысына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, алғашқы медициналық жәрдемді жетілдіру, скрининг бағдарламаларының аясын кеңейту және ана мен бала денсаулығын қорғау қызметін жаңғырту жөнінде айтылды.

Онкологиялық қызметті дамыту шаралары жалғасып келеді. Астана қаласындағы жаңа онкологиялық кешеннің базасында Протонды терапия орталығы ашылды. Қызылорда және Ақтау қалаларында 2 жаңа ПЭТ/КТ кешені іске қосылды. Барлық өңірде сарапшылық эндоскопия орталықтарының жұмысы жолға қойылды.



Ұлттық ғылыми онкология Бұдан бөлек, МӨМС жүйесіндегі автоматтандыру және медициналық орталығы мен аймақтардағы қаржыны бақылауды күшейту, соның ішінде қаражатты мақсатты жұмсауды мониторингтеу жүйесін аяқталды. нысан құрылысы жұмсауды мониторингтеу жүйесін аударылды.

Министрлік Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Жеке-жеке қызмет көрсететін ақпарат жүйелерін E-Densaulıq платформасына біріктіру қолға алынған.

Министр соңғы екі жылда фармацевтика өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі 2,3 есе, ал дәрі-дәрмектің экспорты 1,9 есе өскенін баяндады. Дәрі-дәрмектің 400-ден астам түрін өндіру бойынша 6 инвестициялық келісім жасалды. Олардың жалпы құны 316,3 миллиард теңгеге бағаланған.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаевқа саланың кадрлық әлеуетін дамыту, медицина қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде ақпарат ұсынылды.

Президент медициналық қызмет сапасын арттыру, саладағы қаржылық тәртіпті қатаңдату, маман даярлау жүйесін жетілдіру, цифрлық жаңғырту жұмыстарын жеделдету және отандық фармацевтика өнеркәсібін өркендету бойынша бірқатар тапсырма берді.

185 МЫҢ ОТБАСЫ БАСПАНА ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТТЫ: ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫН САҚТАП, САПАНЫ БАҚЫЛАУДА ЖИ ЖОБАЛАРЫН ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметтің отырысында тұрғын үй құрылысын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды.

Жиында құрылыс саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Бейтерек» ҰИХ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұрболат Айдапкелов, сондай-ақ, Түркістан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал ететін, ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтижеге қол жеткізу басты мақсат болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл міндетті іске асыруға құрылыс секторы тың серпін беретіні анық. Өткен жылы салада 16% деңгейінде өсім сақталды. 20 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 185 мың отбасы баспана жағдайын жақсартты. Биыл да құрылыс қарқынын сақтай отырып, тұрғын үйді қолжетімді ету бағытында жұмысты жалғастыру керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет азаматтар үшін мемлекеттік қолдау құралдарын алуды оңайлатуға мүмкіндік беретін шаралар кешенін қабылдады. Атап айтқанда, тұрғын үй саясатында негізгі рөл атқаратын Отбасы банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие болды. Тізімдерді цифрлық форматқа көшіру адам факторын барынша азайтып, тұрғын үйді есепке алу мен бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттырды.

Сондай-ақ «Наурыз» және «Наурыз – жұмыскер» бағдарламалары бойынша жалпы көлемі 233 млрд теңгеге 8,5 мыңнан астам несие берілді.

Премьер-министр мемлекеттік органдардың назарын тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарларын орындауды, қалаларда қолайлы, жайлы ортаны қалыптастыруға көңіл бөлу және тиісті инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын озық қарқынмен жүргізуді тапсырды.

Ірі қалаларда, әсіресе әсіресе Астана мен Алматыда құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп келеді. Сонымен қатар моноқалалар мен ауылдық жерлердегі



тұрғын үй құрылысын дамытуға да көңіл бөлу керек

Осыған байланысты Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «Бейтерек» холдингіне әкімдіктермен бірлесіп, азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыруды жандандыруы тиіс.

Сондай-ақ, отырыс барысында құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше назар аударылды.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында құрылыс қарқыны қауіпсіздік пен сапаға кесірін тигізбеуі керек екенін атап өтті. Өткен жылы құрылыстың сапасына қатысты ресми түрде 63 мыңнан астам шағым келіп түскен. Жаңа Құрылыс кодексі осындай олқылықтардың алдын алуға бағыттталып отыр. Ол ескірген нормалардан халықаралық стандарттарға, цифрлық және автоматтандырылған технологияларға көшу арқылы бүкіл саланы жүйелі түрде жаңартуды қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Құрылыс кодексі аясында мемлекеттік бақылау күшейтілді. Тексеруші органдарға жаңа құралдар, оның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымы ұсынылды. Нысандарды қабылдап алу кезінде

құрылысты бақылау органдары мен төтенше жағдайлар қызметтерінің міндетті түрде қатысу тетігі енгізілді. Бұл аппараттар мен өрт қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Үлестік құрылыс саласында талаптар қатаңдатылды.

Мемлекеттің тиісті рұқсаты мен кепілдігі болмаса, құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын тарта алмайды, ал банктер ипотека бермейді. Құжатта сейсмикалық қауіпсіздік талаптарын күшейтуге баса назар аударылған. Сондай-ақ ретсіз және заңсыз құрылыстардың алдын алу, сондай-ақ, мектептер мен ауруханалардың тапшылығы сияқты жағдайларды болдырмау үшін түбегейлі жоспарлау жобаларын түзетуге бақылау барынша күшейтілді.

Сонымен қатар құрылыс саласын цифрландыру ісіне ерекше көңіл бөлінді. Бірыңғай құрылыс порталы саладағы ашықтықты арттырып, әртүрлі жүйелерді «бір тереке» қағидаты бойынша біріктіруге және артық бюрократия мен мерзімдерді қысқартуға мүмкіндік береді.

Премьер - министр Өнеркәсіп және құрылыс, Жасанды интеллект министрліктеріне биылғы шілде айының соңына дейін жобаларды сараптау бой-

ынша жасанды интеллект модульдерінің пилоттық режимдегі жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Маңғыстау, Қызылорда облыстары, Абай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан өңірлерінің әкімдіктеріне 1 маусымға дейін бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарларды Қапта құрылыс кадастрына көшіруді жалғастырып, саланы цифрландыру бойынша барлық жоспарды жеделдету тапсырылды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

1. Екінші деңгейлі банктердің коммерциялық ипотекасын жетілдіру бойынша жаңа тәсілдер әзірлеу

Мемлекеттік бағдарламаларға жүктемені азайту мақсатында қолжетімді коммерциялық ипотеканы дамытып, көлемін ұлғайту қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ұлттық банкпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екінші деңгейдегі банктердің коммерциялық ипотекасын және тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарын одан әрі жетілдіру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар «Отбасы банк» өз кезегінде, халықтың осал санаттарын қолдауға баса көңіл бөлуі қажет.

2. Құрылыс кодексі аясында нормативтік актілерді уақтылы жаңарту Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 1 шілдеге дейін нормативтік актілерді жаңартып, қабылдауды, сондай-ақ оларды іске асыру кезінде үздіксіз бақылап отыруды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Құрылыс саласында 38 жаңа жобаны уақтылы іске қосу

Құрылыс көлемінің жыл сайын өсуіне байланысты құрылыс материалдарына да сұраныс артып келеді. Сондықтан тапшылық пен бағаның өсуіне жол бермеу, сондай-ақ, отандық өндірісті қолдау мақсатында қажетті құрылыс материалдарын өндіру жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Биыл елімізде осындай 38 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Өнеркәсіп министрлігі «Бейтерек» холдингімен бірлесіп, олардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

ҮКІМЕТТЕ ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАРАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляция динамикасы мен әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарлары бағасының ахуалына арналған кезекті кеңес өтті.

Азық - түлік инфляциясы төмендеу үрдісін жалғастыруда: желтоқсандағы 13,5% - дан қаңтарда 12,9% - ға, ақпанда 12,7% - ға дейін төмендеді. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, бұған әсер еткен факторлардың бірі — әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарлары тізімінің жаңартылуы. Аталған тізім 19 атаудан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бағаның тұрақтануына әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі де ықпал етуде.

Жыл басынан бері Сауда комитеті тиісті талаптарды бұзғаны үшін 800 - ден астам өкімшілік іс тіркеді. Жалпы ел бойынша инфляция бесінші ай қатарынан баяулап келеді — 2025 жылдың қыркүйектегі 12,9% - дан 2026 жылғы ақпанда 11,7% - ға дейін төмендеді. Наурыз айының алғашқы аптасында әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарлары бағасының өсу индексі 0,1% - ды

құрады. Әдетте наурыз айында маусымдық баға өсімі байқалады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігі оны қосымша баға акцияларын ұйымдастыру және ауылшаруашылығы жәрмеңкелерін кеңейту арқылы тежеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар көрші елдерден көкөніс өнімдерін жеткізуге арналған «жасыл дәліз» механизмі де өз жұмысын жалғастыруда. Кеңесте сүт өнімдерінің қымбаттағаны аталды. Бұл, ең алдымен, негізгі шикізат — шикі сүт құнының өсуімен байланысты. Бұдан бөлек, энергия ресурстары бағасының артуы мен өндірістік шығындардың көбеюі де әсер етуде. Айта кету керек, сүт өнімдері азық-түлік инфляциясының құрылымында елеулі үлеске ие — шамамен 6,3%.

Осыған байланысты Сауда және интеграция министрлігі сүт өңдеу кәсіпорындарын қолдау тетіктерін қарастыруды ұсынды. Сондай - ақ, нан саласын қолдау шараларын пысықтау ұсынылды. Атап айтқанда, кәсіпорындарды арзандатылған астық және ұнмен қамтамасыз ету, сондай-ақ, «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп тиісті шикізатты теміржол арқылы тасымалдау тарифтерін төмендету мүмкіндігін қарастыру мәселесі көтерілді. Вице-премьер әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарларын өндірушілерді қолдаудың тиімді

тетіктерін әзірлеу үшін елде жұмыс істеп тұрған 42 сүт өңдеу кәсіпорнындағы өнім бағасының қалыптасуына жан - жақты талдау жүргізуді тапсырды. Кеңесте Жамбыл облысындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының жағдайы да жеке қаралды.

Азық - түлік инфляциясының деңгейі бойынша өңір елде бесінші орында, ал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі бойынша алтыншы орында тұр. Қазіргі уақытта облыста 1982 дүкен жұмыс істейді, оның 69 - ы ірі сауда желілері. Өңір нарығын шамамен 50 ірі өндіруші қамтамасыз етеді. Олардың ішінде отандық өнімнің үлесі 43% - ды, ал импорттық өнім шамамен 30% - ды құрайды. Сондай - ақ өңірде сүтті терең өңдейтін 19 кәсіпорын және ет өңдейтін 38 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылы облыста 230 мың тонна сүт өндіріліп, оның 107,7 мың тоннасы өңделген.

Сонымен қатар 75,3 мың тонна өткізіліп, оның 43% - дан астамы қайта өңдеуден өткен. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіретін 11 кәсіпорын үшін электр энергиясына жеңілдетілген тарифтер қарастырылған. Кеңес барысында тұрақтандыру қорларындағы көкөніс өнімдерін сату қарқынының төмен екені де айтылды. Ауылшаруашылығы вице - министрі Азат Сұлтановтың мәліметінше, қазіргі таңда картоп қорының 56% - ы, сәбіз бен пияздың 55% - ы, ал қырыққабаттың 58% - ы сатылған. Бұл бағыттағы жұмыс қарқыны Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда және Ұлытау облыстарында баяу жүріп жатқаны байқалады. Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Ауылшаруашылығы министрлігі мен Сауда комитетіне өңірлердегі тұрақтандыру қорларына тексеріс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ өкімдіктердің есептік деректерінде көрсетілген өнімдердің нақты бар-жоғын анықтау міндеті қойылды.

● КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ "АТАМЕКЕН" ҰҚП БАСШЫЛЫҒЫМЕН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУЫТҰ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Шарлапаев Қанатпен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар өңірдегі шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және инвестиция тарту мақсатында тиімді өзара іс-қимылды жолға қою мәселелерін талқылады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Басқосуда Бейбіт Исабаев:

— Кәсіпкерлік — экономикалық өсудің, жаңа жұмыс орындарын ашудың және халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі қозғаушы күші. Бұл бағытты дамыту мен қолдауға ел Президенті ерекше көңіл бөліп келеді. Осыған байланысты Жетісу облысында инвестициялық ахуалды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп салалары да белсенді дамып келеді. Біз өндірілетін ауылшаруашылығы өнімдерінің шамамен 65%-ын өзімізде өңдейміз. Дамудың тағы бір маңызды бағыты — туризм. Жалпы өңірде барлық салаларда кәсіпкерлік бастамаларды қолдау жұмыстары тұрақты жүргізіледі, — деді облыс әкімі.

Бұл ретте өңір басшысы бірқатар ірі инвестициялық жобаларды, соның ішінде металлургиялық комбинаттың, Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласының, сондай-ақ жүк және жолаушыларға арналған әуежайдың құрылысын атап өтті. Сонымен қатар өнеркәсіп саласын дамыту мәселесіне де тоқталып, бұл кездесу Жетісу өңіріндегі шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға маңызды серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Қанат Шарлапаев кәсіпкерлікті қолдау бағытында қабылданып жатқан шараларға тоқталды:



— Біздегі іскерлік климаттың ішкі рейтингісіне сәйкес, Жетісу облысы республика бойынша шағын және орта бизнес сегментінде алтыншы орында тұр. Инвестиция тарту бойынша да жақсы нәтижелер бар. Жалпы өңірдің өлеуеті жоғары, оған географиялық орналасуы жағынан қолайлылығы да ықпал етеді. Өз тарапымыздан біз өңірдегі кәсіпкерлік саласына қолдау көрсетуді жалғастырамыз, — деген ол жуық арада елдің барлық өңірін қамтитын шағын және орта бизнесті қолдауға арналған жаңа «Іскер аймақ» бағдарламасын іске қосу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Кездесу соңында тараптар жергілікті кәсіпкерлікті қолдаудың өзекті мәселелерін талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

Атап өтсек, Жетісу облысында шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 62 мыңнан асады. Бұл салада шамамен 110 мың адам жұмыс істейді. Сонымен қатар өңір экономикасындағы ШОБ үлесі - 33,2%. Жалпы соңғы үш жылда аймаққа 1,5 трлн теңге инвестиция тартылған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ЖЕТІСУДА ПОЛИЦИЯ ҚАУІПСІЗДІКТІ ДРОНДАР АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Құқық қорғау жүйесін цифрландыру — бүгінгі күннің шындығы. Жетісу облысының полициясы жеделдікке, дәлдікке және құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық бере отырып, ұшқышсыз басқарылатын технологияларды белсенді түрде қолдануда. Бүгінде полиция қызметкерлерінің қарамағында күнделікті қызметте де, арнайы іс-шаралар барысында да пайдаланылатын 48 заманауи дрон бар. Негізгі бағыттардың бірі — жол - көлік оқиғаларын тіркеу.

500 метрге дейінгі биіктіктен дрондар жол-көлік оқиғасы орын алған жердің егжей - тегжейлі фотограмметриялық карталарын жасайды. Бұл жағдайды жедел бағалауға, оқиғаның нақты көрінісін объективті түрде тіркеуге және жолды жабу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Ұшқышсыз аппараттар құғамдық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде де кеңінен қолданылады. Олар жаппай іс-шараларды бақылауға, жедел ахуалды мониторингтеуге және құқық бұзушылықтарды

нақты уақыт режимінде анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар дрондар периметрлер мен стратегиялық нысандарды күзету барысында заңсыз кіру фактілерін тіркеу үшін пайдаланылады.

Жеке бағыт ретінде экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау да қарастырылған. Атап айтқанда қоқысты заңсыз тастау, орманды заңсыз кесу, қалдықтарды төгу және браконьерлік фактілері дрондар арқылы әшкереленуде. Жылу бейнелеуіштермен жабдықталған аппараттар құқық бұзушыларды түнгі уақытта және жетуі қиын аумақтарда да анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда облыс аумағында дрондардың көмегімен 232 құқық бұзушылық анықталды. Алайда, олардың басты мақсаты — алдын алу. Әуе арқылы бақылаудың өзі азаматтарды тәртіпке шақырып, құқық бұзушылық тәуекелдерін едәуір төмендетеді.

— Заманауи технологиялар бізге жылдамырақ, дәлірек әрі қауіпсіз әрекет етуге мүмкіндік береді. Дрондар — бұл жат ғана техника емес, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді профилактикалық құрал, — деп атап өтті Жетісу облысының полициялары.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ.

МӘДЕНИЕТ

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА СПОРТ ЗАЛМЕН БІРІКТІРІЛГЕН ТАҒЫ БІР МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жетісу облысында спорт залмен біріктірілген тағы бір мәдениет үйі пайдалануға берілді. Жаңа нысан Ақсу ауданының Матай ауылында салынды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Халықаралық әйелдер күнінде өткізілген нысанның салтанатты ашылу рәсіміне Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, Ақсу ауданының әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жаңа мәдениет үйінде сахнасы бар 180 орынды көрермен залы қарастырылған. Үйірме кабинеттері, шағын мәжіліс залы, басқа да қажетті бөлмелер бар. Қазіргі кезде мұнда «Әжелер ансамблі», «Көркемсөз оқу», би үйірмесі жұмыс істейді, оған шамамен 30 адам тартылған.

Кешенде аумағы 668 шаршы метр болатын спорт залы біріктіріле салынған. Онда волейбол, баскетбол, мини-футбол, үстел теннисін ойнауға мүмкіндік жасалған. Сол сияқты барлық спорттық құралдармен жабдықталған тренажер залы бар.

Қосымша 7 жаңа жұмыс орны ашылды.



- Біздің ауылдық округте 4 мыңдай адам тұрады. Көп жылдан бері бізде мәдениет үйі болған жоқ, ескі ғимарат қараусыз қалған болатын. Енді, міне, бірден спорт залға да, мәдениет үйіне де ие болып отырмыз, екеуі бір ғимаратта орналасқан, өте қолайлы. Мәдени іс-шаралар өткізуге, спорттық жарыстар ұйымдастыруға барлық мүмкіндік бар, - деді жергілікті тұрғын Бауыржан Қалиақпаров.

Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл мәдениет үйі елді мекеннің рухани өмірін белсенді

ете түсуге, жастардың бос уақытын тиімді өткізуге оң ықпал ететін маңызды нысан болмақ.

Еске салсақ, бұған дейін осындай нысан Ақсу ауданының Н.Есеболатов ауылында ашылған еді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ФОТОСУРЕТТЕРДІ Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды.

АУДАН ӘКІМІ МАТАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Матай ауылдық округіне арнайы барып, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Халықпен жүздесуге аудандық мекемелер мен бөлімдердің басшылары, құқық қорғау саласының өкілдері, сондай-ақ, ауылдың белсенді азаматтары қатысты. Кездесудің басты мақсаты – ауыл тұрғындарының пікірін тыңдап, олардың ұсыныс-тілектерін назарға алу, сондай-ақ, округте атқарылған жұмыстардың нәтижесі мен алдағы жоспарларды талқылау болды.

Жиын барысында Матай ауылдық округінің әкімі Рүстем Толғанбекұлы 2025 жылы округ аумағында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасап, бірқатар маңызды жобалардың жүзеге асқанын атап өтті. Оның айтуынша, өткен жылы ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған бірнеше бастама іске асқан. Ауыл көшелеріне жаңа жарық шамдары орнатылып, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруіне жағдай жасалған. Сонымен қатар елді мекеннің қоғамдық өмірін дамытуға бағытталған нысандардың құрылысы да жүргізілген.

Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы өз сөзінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталып, Матай ауылдық округінің аудан үшін маңызы ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, халық саны жағынан да, аумақтық тұрғыдан да ірі округтердің бірі саналатын бұл ауылда инфрақұрылымды дамыту, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Сондай-ақ, кездесуде ауыл тұрғындарын қуантқан маңызды жаңалықтардың бірі – Матай ауылында жаңа Мәдениет үйінің пайдалануға берілуі болды. Заманауи талаптарға сай салынған мәдениет нысаны спорт залымен бірге іске қосылып, ауыл жастары мен тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасап отыр. Бұл нысан алдағы уақытта мәдени-рухани іс-шаралардың, түрлі үйірмелер мен спорттық жаттығулардың орталығына айналады деп күтілуде.

Кездесу барысында аудан әкімі алдағы кезеңде жүзеге асырылатын жобалар мен жоспарланған жұмыстар туралы да айтып өтті. Атап айтқанда, ауылдың инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру, жол сапасын жақсарту, әлеуметтік нысандардың жұмысын тиімді ұйымдастыру және тұрғындардың өл-ауқатын арттыру бағытындағы шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын жеткізді. Сонымен қатар, тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар беріп, көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

Жиын соңында ауыл тұрғындары өздерін толғандырған бірқатар мәселелерді ортаға салды. Тұрғындар тарапынан инфрақұрылым, әлеуметтік сала, ауылды дамыту бағытындағы ұсыныстар айтылды. Көтерілген сұрақтарға тиісті сала мамандары мен аудан басшысы тарапынан нақты жауаптар беріліп, бірқатар мәселелер бақылауға алынды.

Жалпы, аудан әкімінің халықпен кездесуі тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдап, жергілікті жердегі өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналып отыр. Мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасып, аудан тұрғындарының алдында есеп беру және кері байланыс орнату жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бермек.

Ербол СЫМХАНОВ.



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.
GOV.KZ

Важен голос каждого из нас!

№5 Модуль

«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

Модуль №5

«КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?»

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov-mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определят свой участок референдума.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=ru>



<https://referendum2026.gov.kz/ru>



<https://referendum.gov.kz/ru>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ.

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства можно уточнить информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

Важен голос каждого из нас!

ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: АДАЛДЫҚ, ӘДЕП ЖӘНЕ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ!



Мемлекеттік қызметші — билік пен халық арасындағы алтын көпір. Сондықтан әрбір қызметкердің іс-әрекеті мен моральдық бейнесі қоғамның мемлекетке деген сенімін қалыптастырады. Бүгінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруда үш негізгі құжат басты бағдар болып табылады.

1. Әдеп кодексі — Қызметтік этиканың негізі.

Мемлекеттік қызметшінің әдеп стандарттары тек жұмыс орнында ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де сақталуы тиіс.

- Сыйайлық пен ашықтық: Азаматтармен қарым-қатынаста төзімділік таныту және сапалы қызмет көрсету.
- Зайырлық ұстанымы: Қызмет бабында діни наным-сенімдерін басқаларға таңбау және мемлекеттің зайырлық бағытын ұстану.
- Іскерлік имидж: Ресми мінез - құлық пен киім үлгісін сақтау, әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмейтін контент жариялау.

2. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң.

Бұл заң қызметке іріктеуден бастап, мансаптық өсу мен әлеуметтік қорғауға дейінгі барлық тетіктерді реттейді.

- **Меритократия қағидаты:** Лауазымдық өсу тек қабілет пен кәсіби біліктілікке негізделеді.
- **Жауапкершілік:** Әрбір қызметкер өз құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдері үшін дербес жауап береді.

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң.

Жемқорлықпен күрес — мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

- **Алдын алу (превенция):** Жемқорлыққа жағдай туғызатын себептерді жою.
- **Мүдделер қақтығысы:** Жеке мүдде мен қызметтік міндеттердің арасындағы қайшылықтарды болдырмау.
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет:** Қоғамда "парақорлыққа мүлдем төзбейшілік" психологиясын қалыптастыру. "Мемлекеттік қызмет — бұл мәртебе емес, бұл халыққа қалтқысыз қызмет ету."

Қорытынды
Заң талаптарын қатаң сақтау және Әдеп кодексінің нормаларын ұстану — әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Тек адалдық пен кәсібилік қатар жүргенде ғана біз мықты әрі сенімді мемлекет құра аламыз.

Бекзат ЕРМУХАНБЕТОВ,

Ақсу ауданы әкімінің орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ - 2026

2021 - 2026 жылдар аралығында жоғары және арнаулы орта оқу орындарын аяқтап, дипломдағы мамандығына сәйкес жұмыс жасамаған, 18 - 35 жастағы жұмыссыз жастар шақырылады.

Өту мерзімі: 12 ай.
Еңбекақысы: 129 750 тг (30 АЕК)

Толық ақпаратты Ақсу

ауданының мансап орталығынан және жергілікті ауылдық округ әкімдерінен аласыздар.

Мекен - жайымыз:
Желтоқсан көшесі 5, 1 қабат.
Байланыс телефондары:
8-776-979-88-52.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ
"МАНСАП" ОРТАЛЫҒЫ.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ!

Ақсу ауданы бойынша ағымдағы жылы мемлекеттік қызметкерлердің штат саны – 145 атап айтқанда:

аудан әкімінің аппаратында -20,
аудандық бөлімдерде -36,
ауылдық округтерде штат саны - 89.

Есеп беру кезінде мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – 138.

«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік бос лауазымдар саны -7.

2. Ақсу ауданы әкімі аппаратында жұмыс істейтін техникалық қызметкерлердің саны -23.

Бос мемлекеттік лауазымдар:

1) «Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман есепшісі. Е-G-3 санаты. 1 бірлік.

2) «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Е-R-4 санаты. 1 бірлік.

3) «Ақсу ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің құқықтық бөлімшесінің бас маманы. Е-4 санаты. 1 бірлік.

4) «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Е-R-4 санаты. 1 бірлік.

5) «Матай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман есепшісі. Е-G-3 санаты. 1 бірлік.

Уақытша бос мемлекеттік лауазымдар:

1) «Жаңалық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы. Е-G-3 санаты. 1 бірлік.

2) «Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман салық инспекторы. Е-G-3 санаты. 1 бірлік.

Мемлекеттік қызметке кіру үдерісі конкурс ұғымына біріктірілген бірнеше кезеңнен өтеді. Егер мемлекеттік органда бос лауазымдар пайда болса, онда кандидаттарды конкурстық іріктеу өткізіледі.

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат конкурс жариялаған мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (gov.kz/memleket/entities/qyzmet) интернет-ресурстарында орналастырылады.

Мемлекеттік қызметке алғаш кіретін немесе жаңадан қабылданатын азаматтар іріктеудің келесі кезеңдерінен өтеді:

1. мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге тестілеу;
2. жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу;
3. әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс.

Мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының заңнамасын білу және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу. Бұл тестті алдын-ала тапсыруға болады, оның жарамдылық мерзімі - 1 жыл.

Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не "Eqyzmet.gov.kz" электронды үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Тестілеуге ЖСН жазылған Қазақстан Республикасы азаматының тұлғасын куәландыратын құжаты бар тұлғалар қатыса алады.

Үміткерлердің Заңның 16-бабында көзделген мемлекеттік қызметке орналасу шарттарына сәйкестігі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ақпараттық қызметінің дереккөзін арқылы тексеріледі.

Конкурсқа қатысушылардың дәйексіз ақпарат ұсынуы олардың әңгімелесуге жіберілмеуі үшін негіз болып табылады.

Әңгімелесу жүргізу аяқталған күні конкурстық комиссия ұсынылған құжаттар негізінде, сонымен қатар эссені бағалау мен конкурстық сұрақтарға жауаптардың нәтижелерін қамтитын өткізілген әңгімелесу нәтижелері бойынша бос орынға үміткерлерді іріктейді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін жетілдіру және оны барынша ашық әрі әділетті ету Қазақстандағы мемлекеттік басқару саласының басты бағыттарының бірі болып отыр. Осы мақсатта іске қосылған eqyzmet.gov.kz порталы арқылы жүргізілетін мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа форматы Қарағанды облысындағы барлық мемлекеттік органдарда сәтті енгізілді.

Жаңа форматтың басты ерекшелігі – үміткерлерге әлемнің кез келген нүктесінен онлайн қатысуға мүмкіндік беруі. Бұрынғыдай қағаз құжаттарды тапсыру қажеттілігі жойылып, барлық рәсім электронды түрде жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде бюрократиялық кедергілерді азайтып, азаматтар үшін тең мүмкіндік қалыптастыруға жол ашады.

Іріктеудің жаңа жүйесі үміткерлердің тек заңнаманы білу деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби құзыреттері мен жеке қабілеттерін кешенді түрде бағалауға бағытталған. Атап айтқанда, қатысушылардың жеке қасиеттері, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті (SHL), сондай-ақ, практикалық дағдылары ескеріледі. Басшылық лауазым-

дарға үміткерлер үшін қосымша өссе жазу кезеңі қарастырылған, ал атқарушылық және төменгі лауазымдарға кандидаттар практикалық тапсырмалар арқылы бағаланады.

Жеке қасиеттерді бағалау кезеңі 150 сұрақтан тұрады. Бұл кезеңнен өту үшін жауаптардың дұрыс деңгейі кемінде 50 пайыз болуы тиіс. Ал мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтау мақсатында екі блоктан тұратын тест ұсынылады. Әр блокта 25 сұрақтан, жалпы 50 тапсырма беріледі. Өту шегі – осы 50 сұрақтың кемінде 10-на дұрыс жауап беру қажет.

Практикалық бағалау кезеңінде үміткерлерге үш тапсырма ұсынылады. Бұл кезеңнен өту үшін кемінде 3 балл жинау қажет. Мұндай тапсырмалар қатысушылардың нақты жұмыс жағдайында шешім қабылдау қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйенің басты артықшылықтарының бірі – адами факторды барынша азайту. Осы мақсатта ID-нөмірлер жүйесі және тәуелсіз прокторинг енгізілген.

Сонымен қатар конкурс барысында ең төмен балл жинаған үміткерлер автоматты түрде кезең-кезеңімен іріктеуден шығарылады. Ал ең жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар ғана келесі кезеңге өтеді.

Конкурс қорытындысында жеңімпаз барлық кезеңдердің нәтижелері негізінде жүйе арқылы анықталады.

Осылайша, онлайн форматқа көшу және цифрлық технологияларды енгізу мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін барынша ашық, әділетті өткізуге мүмкіндік береді.

Мемлекет жас мамандарға есік ашады: жоғары GPA (3,33-тен бастап) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша тұлктер конкурстан өтпей-ақ мемлекеттік органдарға орналаса алады. Ең бастысы-оқуды бітіргеннен кейін бір жылды жіберіп алмау.

Мүмкіндіктер кең: аудан әкімдіктерінде жұмыс істеуден бастап орталық органдардың аумақтық бөлімшелеріндегі лауазымдарға дейін (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа).

Сонымен қатар, «Ақсу ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесі жұмыс іздеушілерге көмек пен кеңес береді.

Мақсат ТӨЛЕГЕНОВ,
Ақсу ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің басшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық — мемлекеттің дамуына, халықтың әлауқатына және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу — тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, барша қоғамның ортақ борышы. Әсіресе, жауапкершілігі жоғары мемлекеттік мекемелердің, соның ішінде аудандық қорғаныс бөлімінің ұжымы бұл бағытта үлгі болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің іргетасын шайқалтады. Ол қоғамдағы әділдік принциптерін бұзып, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін әлсіретеді. Қорғаныс саласында жемқорлықтың орын алуы ел қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, әскердің жауынгерлік қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан да мұндай теріс әрекеттерге мүлдем жол берілмеуі қажет.

Аудандық қорғаныс бөлімінің негізгі міндеті мен басты мақсаты — әскерге шақыру ісін әділ әрі заңды түрде ұйымдастыру, әскерге даярлау шараларын іске асыру және ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлесін қосу. Бұл міндетті адал орындау — мемлекеттік қызметшінің кәсіби этикасы мен азаматтық парызының көрсеткіші.

Осы мақсатта біздің бөлімде тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактикалық шаралар, түсіндіру жұмыстар, және ішкі бақылау жүйесі жүргізіледі. Қызметкерлер арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын нығайту басты назарда ұсталады.

Сондықтан аудандық қорғаныс бөлімінде алдын алу және профилактикалық жұмыстар қатаң қолға алынған. Атап айтқанда:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша жоспарлы талдаулар жүргізіледі;

- Қызметкерлердің этикалық кодексін сақтауына бақылау күшейтілген;
- Жеке қабылдаулар мен ашық есік күндері тұрақты түрде өткізіледі;

- Әрбір қызметкерге «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» ұстанымы насихатталады.

Сонымен қатар, тұрғындар арасында да түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әскери қызметке шақыру кезінде ешбір азаматқа артықшылық берілмейтіні, барлық іс-шаралар заң аясында, ашық және әділ түрде өтетіні түсіндіріледі.

Жастармен жұмыс және азаматтық сананы қалыптастыру біздің бірінші парымыз. Бүгінгі жастар — ел болашағы. Сондықтан әскери-патриоттық тәрбие беру барысында адалдық пен әділдік қағидаттары кенінен дәріптеледі. Біздің бөлімде мектеп оқушыларымен, колледж студенттерімен және әскерге шақырылушы жастар-

мен өткізілетін кездесулерде сыбайлас жемқорлықтың зияны мен оның қоғамға тигізер салдары туралы ашық әңгімелер өткізіледі.

Қорыта айтқанда сыбайлас жемқорлықпен күресу — үздіксіз және барша қоғамның атсалысуын қажет ететін маңызды іс. Мемлекеттік қызметкер қандай деңгейде болмасын, өз ісіне адал болса, ел дамуы мен қауіпсіздігі нығая түседі.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары мемлекеттік қызметке, қоғамға, ел дамуына кері әсер ететінін әркім білуі тиіс.

Аудандық қорғаныс бөлімі ұжымы өз жұмысының басты қағидасы ретінде «Адалдық — абыройдың бастауы, жемқорлық — қоғамның дерті» ұстанымын ұстанады.

Д.КИРГАБАНОВ,
Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.
GOV.KZ

Важен голос каждого из нас!

ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНА ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСУ



«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» аудандық коалиция мүшелері Ақсу аудандық орталық кітапхана ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында ұсынылып отырған конституциялық реформалардың негізгі бағыттары таныстырылып, олардың ел дамуы үшін маңызы кеңінен түсіндірілді.

Әсіресе заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жиын барысында коалиция мүшесі А.Құрманғалиева алдағы өзгерістердің мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді арттыруға, демократиялық қағидаттарды нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, мектеп ұжымы өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға нақты жауаптар берілді. Шара соңында қатысушылар 15 наурыз күні өтетін референдумға белсенді қатысып, ел болашағына жауапкершілікпен қарап, азаматтық белсенділік танытуға шақырылды.

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» аудандық коалиция мүшелері Ақсу аудандық орталық кітапхана ұжымымен кездесу өткізді.

Ж.СЫДЫҚОВ АТЫНДАҒЫ
ОРТА МЕКТЕП ҰЖЫМЫМЕН
КЕЗДЕСУ

Кездесу барысында коалиция мүшесі Конституцияның жаңа жобасының негізгі бағыттарына кеңінен тоқталып, алдағы референдумның ел дамуы үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, билік тармақтарының тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Сондай-ақ, жаңа жобада қоғамдағы әділдік пен ашықтық қағидаттарын орнықтыруға басымдық беріліп отырғаны айтылды. Бұл өз кезегінде мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, халықтың шешім қабылдау үдерістеріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Жиын еркін форматта өтіп, мектеп ұжымы өз ой-пікірлерін білдіріп, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Қатысушылар референдумның мазмұны мен мәні туралы жан-жақты ақпарат алып, ұсынылған өзгерістерге қатысты пікір алмасты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулердің басты мақсаты – әрбір азаматқа толық әрі түсінікті ақпарат жеткізіп, саналы таңдау жасауына жағдай қалыптастыру. Ақпараттық жұмыстар алдағы уақытта да білім беру мекемелері мен еңбек ұжымдарында жалғасын табады.

Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМВажен голос
каждого из нас!Жаңа Конституция халықтың
құқығын қорғап, тұрақты
болашаққа жол ашады

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» аудандық коалициясының мүшелері Қызылағаш орта мектебінің ұжымымен және Ақтоған ауылының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесуге Ақсу аудандық коалиция өкілдері Құрманғалиева Алма, Темірбеков Сапарғали мен Естібаев Марат қатысып, елімізде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың басым бағыттарына тоқталып, олардың қоғам дамуы үшін маңызын жан-жақты түсіндірді.

Іс-шара ашық пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, өз ойларын еркін білдіруге мүмкіндік алды. Көтерілген мәселелерге тұщымды жауаптар беріліп, ұсыныс-пікірлер назарға алынды.

Жаңа Конституция – тиімді, ашық және есеп беретін мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға негіз болатын стратегиялық құжат. Ол берік институттарға сүйеніп, басқару тетіктерін жетілдіруге, шешім қабылдау сапасын арттыруға және жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Халықпен тікелей байланыс – маңызды қадам. Себебі әрбір азаматтың үні – ортақ шешімнің негізі.

АҚСУ ЖАСТАРЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ
ҚОЛДАЙДЫ

Ақсу ауданында жастардың азаматтық белсенділігін арттыру және алдағы референдумның маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Жастар – Жаңа Конституция үшін» атты акция өтті. «Референдум – таңдау сенен басталады!» ұранымен ұйымдастырылған шараға аудан жастары, белсенді азаматтар мен қоғам өкілдері қатысты.

Шара барысында қатысушылар референдум – әр азаматтың ел болашағына қатысты өз пікірін білдіретін маңызды саяси қадам екенін атап өтті. Жиында жаңа Конституцияның қоғам дамуы мен елдің болашағы үшін маңызы туралы пікірлер айтылып, жастардың мемлекет өміріндегі белсенді рөлі ерекше атап өтілді.

Акция аясында жастар флешмоб ұйымдастырып, «Конституция» белгісін құрып, ел болашағына бейжай қарамайтындарын көрсетті. Бұл бастама жастардың бірлігі мен ел тағдырына деген жауапкершілігін айқын аңғартты.

Шара соңында Ақсу жастары бірауыздан жаңа реформалар мен жаңа Конституцияны қолдайтындарын білдіріп, барша азаматтарды референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Референдум – әр азаматтың таңдауы мен жауапкершілігінің көрінісі. Еліміздің болашағы үшін белсенді болайық!

РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕЛ ДАМУЫН
ЖАҢҒЫРТУҒА ҚОСАР ҮЛЕСІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» аудандық коалициясының өкілдері әлеуметтік сала қызметкерлерімен кездесу өткізді. Жиын барысында алдағы конституциялық реформалардың негізгі бағыттары түсіндіріліп, заң үстемдігін қамтамасыз ету мен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Кездесу барысында коалиция төрағасы К.Дәулетбекова және коалиция мүшесі Б.Құрманғалиева реформалардың елдің дамуына және мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға қосар үлесіне тоқталды. Қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, оларға толық әрі нақты жауаптар берілді.

Жиын соңында әлеуметтік сала қызметкерлері 15 наурызда өтетін референдумға белсенді қатысып, ел болашағына бейжай қарамай, азаматтық ұстаным танытуға шақырылды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

Арнайы бетті әзірлеген Ербол СЫМХАНОВ.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«Ақсу ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Ақсу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 04 наурыздағы №93 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақсу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақсу ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Ақсу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 04 наурыздағы №93 қаулысына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- Қоса беріліп отырған Ақсу ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін және осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Б. ТЫНЫШБАЕВ

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 16) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақсу ауданы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Б.ТЫНЫШБАЕВ

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы бойынша пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар меншік иелерінің лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз қағидаларын бекіту туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына, сәйкес Ақсу ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақсу ауданы бойынша пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар меншік иелерінің лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Б.ТЫНЫШБАЕВ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

О внесении изменений и дополнений в постановление акимата Аксуского района от 04 марта 2025 года №93 «Об утверждении правил организации и проведения мероприятий по реконструкции наружных стен и крыш многоквартирных жилых домов, текущего или капитального ремонта, направленных на придание единообразного архитектурного облика населённым пунктам Аксуского района»

Аким Аксуского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести следующие изменения и дополнения в Постановление акимата Аксуского района №93 от 04 марта 2025 года «Об утверждении правил организации и проведения мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту внешних стен и крыш многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населённым пунктам Аксуского района»:
- Утвердить прилагаемые правила организации и проведения мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика населённым пунктам Аксуского района и утверждённые указанным постановлением, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Аксуского района

Б. ТЫНЫШБАЕВ.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг по Аксускому району

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 16) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить Правила предоставления коммунальных услуг по Аксускому району согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района курирующего данную сферу.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Аксуского района

Б.ТЫНЫШБАЕВ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

Об утверждении правил обеспечения возвратности денег собственниками квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок, связанных с ремонтом и заменой лифтов, капитальным ремонтом общего имущества объекта кондоминиума по Аксускому району

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», подпунктом 16-5) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Аксуского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемые Правила обеспечения возврата денег собственниками квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок связанных с ремонтом и заменой лифтов, капитальным ремонтом общего имущества объекта кондоминиума по Аксускому району согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района курирующего данную сферу.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Аксуского района

Б.ТЫНЫШБАЕВ

МӘКЕМЕЛДІ МЕМЛӘКӘТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРІНДІ 5 БАҒЫНЫ

«Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызмет түрінің 5 бағыты бойынша жұмыстар атқарады.

1. «Тұрғын үй сертификаттары беру»;

Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №417 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 маусымда №18883 болып тіркелді. Заңнамасына сәйкес, Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидалары «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 10 - 2-бабының 10-14) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 10 - бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұрғын үй сертификаттарын беру мен «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру»;

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі №673 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Респуб-

ликасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 қазандағы №797 қаулысы.

Өтініш қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

3. «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу»;

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес әзірленді және халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру тәртібін айқындайды.

Өтініш қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы беріледі.

нама объектілерін халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу», «Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес әзірленді және халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру тәртібін айқындайды.

Өтініш қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы беріледі.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

4. «Ағаштарды кесуге рұқсат беру»;

«Ағаштарды кесуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы және «Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы №318 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 мамырда №18712 болып тіркелді.

Өтініш қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы беріледі.

5. Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару»;

болып тіркелді. қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы №701 қаулысымен және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару тәртібін және «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Мемлекеттік қызмет алу мәселесі бойынша «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуіңіз қажет.

Ермек ОМАРОВ, «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің бас маманы.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Осы Ереже Қ.Сәтбаев атындағы ОМГ өтетін «Төкен Әбдіқадырқызы атындағы олимпиада» оқушылар арасындағы математика пән олимпиадасының (бұдан әрі қарай – Олимпиада) мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиада 5 - 10 сынып оқушыларына арналған зияткерлік конкурсы болып табылады.

1.3. Олимпиаданың негізгі мақсаты: Төкен Әбдіқадырқызы атындағы олимпиада 5 - 10 сынып оқушыларын ынталандыруға ұмтылады: сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға; пәнге деген қызығушылығын оятуға, ынтымақтастыққа; тұлғаның өзін - өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

II. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Олимпиада бір кезеңнен тұрады.

2.2. Өткізілу уақыты: 10.04.2026 жылы

2.3. Олимпиада аталған мектептердегі (Қ.И.Сәтбаев атындағы ОМГ, Е.Сықымов атындағы ОМ, Ж.Сыдықов атындағы ОМ) жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, марапаттау салтанатты жабылу рәсімі өткізіледі.

2.4. Олимпиада әдістемелік комиссия дайындаған, тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Аймақтық Төкен Әбдіқадырқызы атындағы математика пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ

2.5. Олимпиада 5 тапсырмадан тұрады, уақыты 90 минутты құрайды;

2.6. Олимпиадаға қатысуға тілек білдірген оқушылар бекітілген форма бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы атына өтініш жазып тіркелуі керек. (Қосымша №1);

2.7. Олимпиадаға қатысу туралы сұранысты олимпиаданың басталуына үш жұмыс күні қалғанға дейін өткізуге болады.

2.8. Олимпиадаға қатысушы кесте бойынша Олимпиада өтетін орынға кешікпей, уақытында келуі тиіс. Кешіккен және тіркелмеген оқушылар Олимпиадаға енгізілмейді.

2.9. Ұйымдастыру комитеті мен аймақтық комиссия мүшелері, аудиториядағы кезекші: қатысушыларға тапсырма және жауап парағын таратады; бланкілерді толтыру, тапсырманы орындау және рәсімдеу туралы нұсқаулық жүргізеді; Олимпиада барысындағы тәртіпті қадағалайды.

2.10. Тапсырманы орындап біткен соң немесе Олимпиада мерзімі біткеннен кейін қатысушы жұмысын кезекшіге өткізеді.

2.11. Олимпиадаға қатысушылар аудиторияда тыныштық пен тәртіпті қатаң сақтауы тиіс.

2.12. Ұйымдастыру комитеті берген материалдардан басқа ешқандай басқа материалдарды аудиторияға кіргізуге болмайды. бұл Ереже бұзылған жағдайда оқушы аудиториядан шығарылады, ол туралы белгі соғылып, «О балл» қойылады.

2.13. Олимпиада барысында қатысушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік бекітілген жетекшілерге жүктеледі.

III. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға қатыса алады: 5 - 10 сынып оқушылары (қазақ, орыс тілді);

3.2. Қажетті құжаттар: толтырылған өтінім формасы;

IV. Қазылар алқасы және ұйымдастыру комитеті

4.1. Комиссия құрамына аудандық математика пәні мұғалімдерінің ассоциация мүшелерінен құралады.

4.2. Комиссия мүшелері: Олимпиада математика пәні бойынша тапсырмалар дайындайды; Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының

орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;

Оқушылардың пәндік тапсырмаларының өңделуін жүргізеді;

Олимпиаданың өту баллын анықтайды; Математика пәні бойынша тапсырмаларды мектеп бағдарламасына сәйкестігіне қарайды;

Олимпиаданың пәні бойынша тапсырмаларды бекітіп, хаттама дайындайды және оларға рецензия жазады; Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады. Олимпиаданы қорытындылайды.

V. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

5.1. Жоғары ұпай бойынша анықталған 9 оқушыға куәлік, төсбелгісі және ақшалай сыйлық тағайындалады.

5.2. Олимпиаданы өткізудің ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.3. Ұйымдастыру тобының құрамы Қ.И.Сәтбаев орта мектеп-гимназиясының мұғалімдері және демеушілері.

5.4. Ұйымдастыру тобы келесі міндеттерді орындайды:

Олимпиаданың барлық шараларының өткізілуін қамтамасыз етеді;

Олимпиаданы өткізу мерзімдері мен орнын анықтайды;

Қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;

ҰЙЫМДАСТЫРУ ТОБЫ.

Оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу – ортақ міндет

Қазіргі қоғамда білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі – оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру. Әрбір бала мектепте өзін еркін, сенімді және қорғалған сезінуі тиіс. Осы тұрғыда оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу жұмыстары ерекше маңызға ие.

Жетісу облысы аумағындағы білім беру ұйымдарында бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Соның бірі – «Есболған Жайсаңбаев атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде» ұйымдастырылып жатқан тәрбиелік және психологиялық жұмыстар.

Буллинг – оқушылар арасында орын алатын психологиялық немесе физикалық қысым көрсету әрекеттері. Мұндай жағдайлар баланың көңіл күйіне, өзін-өзі бағалауына

және оқуына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мектепте буллингтің алдын алу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Алғашқы іс-шаралардың бірі – «Бір-бірімізді түсінейік» атты психологиялық тренинг. Тренинг барысында оқушылар «Жылы сөз», «Сенің жақсы қасиетің» сияқты жаттығуларды орындап, бір-біріне жақсы тілектер айтып, достық қарым-қатынасты нығайтты.

Сонымен қатар мектепте «Мейірімділік – адамдықтың белгісі» атты акция өткізілді. Акция барысында оқушылар мейірімділік, қамқорлық және өзара қолдау көрсету туралы ойларымен бөлісіп, достарына жылы лебіздерін білдірді. Бұл шара оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттыруға ықпал етті.

Үшінші іс-шара ретінде «Буллингке жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаттары

ұйымдастырылды. Сынып сағаттары барысында оқушылар буллингтің зияны туралы ақпарат алып, түрлі жағдаяттарды талқылады. Мұндай жұмыстар оқушылардың құқықтық және адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Осындай тәрбиелік және психологиялық жұмыстар арқылы мектепте достық, өзара түсіністік және сыйластық атмосферасын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Әрбір бала өзін қауіпсіз сезінетін ортада ғана толыққанды білім алып, тұлға ретінде дамиды.

Сондықтан буллингтің алдын алу – мектеп ұжымы, ата-аналар және қоғам үшін ортақ міндет.

Салтанат ТЕМІРХАНОВА, «Есболған Жайсаңбаев атындағы орта мектебі» КММ - нің педагог - психологі.

Оқушы қауіпсіздігі – мектеп пен отбасының ортақ жауапкершілігі

Бүгінгі қоғам бұрынғыдан әлдеқайда жылдам өзгеріп келеді. Ақпарат ағыны, цифрлық кеңістік, әлеуметтік қатынастардың күрделенуі – мұның бәрі балалардың өміріне де тікелей әсер етуде. Осындай жағдайда оқушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек мектептің ғана емес, ата-ананың да жауапкершілігіне байланып отыр. Мұғалім ретінде мен күн сайын бір шындыққа көз жеткіземін: баланың өзін қауіпсіз сезінуі – оның білім алуы мен тұлға болып қалыптасуының ең басты негізі.

Бала үшін мектеп тек білім беретін орын ғана емес, ол – өмірдің үлкен мектебі. Мұнда ол достықты, өзара құрметті, жауапкершілікті үйренеді. Бірақ сол орта қауіпсіз әрі қолайлы болмаса, баланың ішкі әлемі де, оқу жетістігі де толық ашыла алмайды. Сондықтан мектептегі әрбір ұстаздың басты мақсатының бірі – балаға сенімді, тыныш және қолдау бар орта қалыптастыру.

Қазіргі уақытта балаларға төнетін қауіп түрлері де өзгеріп, күрделене түсті. Бұрын тек көшедегі қауіптер туралы ойласақ, бүгінгі күні интернет кеңістігі жаңа мәселелерді алға шығарды. Кибербуллинг, жалған ақпарат, зиянды контент, әлеуметтік желілердегі қысым – мұның барлығы жасөспірімдердің психологиялық жағдайына әсер етуде. Сонымен қатар мектеп ішіндегі буллинг, эмоционалдық күйзеліс, жол-көлік қауіптері немесе тұрмыстық жағдайлар да баланың қауіпсіздігіне ықпал етеді.

Осындай күрделі жағдайларда мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті ерекше маңызға ие. Өйткені мектеп – білім мен тәрбие ортасы болса, отбасы – баланың алғашқы әрі ең маңызды қорғаныс кеңістігі. Егер осы екі орта бір-бірімен түсіністік пен сенім негізінде жұмыс істесе, бала өзін әлдеқайда сенімді сезінеді.

Мектепте біз балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көптеген жұмыстар жүргіземіз. Ғимараттағы қауіпсіздік жүйелері, бейнебақылау, төтенше жағдайларға арналған жаттығулар – мұның бәрі оқушылардың физикалық қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. Сонымен қатар психологтар мен әлеуметтік педагогтар балалардың эмоционалдық жағдайына ерекше көңіл бөледі. Кейде бір ғана жылы сөз немесе дер кезінде көрсетілген қолдау баланың ішкі күйзелісін жеңілдетуге көмектеседі. Мектептің тағы бір маңызды

міндеті – балаларға ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. Біз оқушыларға интернетті дұрыс пайдалануды, жеке мәліметтерді қорғауды, кибербуллингке қарсы тұру жолдарын үйретеміз. Цифрлық дәуірде бұл да баланың қауіпсіз өмірінің маңызды бөлігіне айналды.

Алайда, мұғалімнің еңбегі ата-ананың қолдауынсыз толық нәтижеге жетпейді. Бала үшін ең жақын, ең сенімді адамдар – ата-анасы. Егер үйде түсіністік пен сенім атмосферасы қалыптасса, бала кез келген қиындықты жасырмай айтып, көмек сұрай алады. Бұл – қауіптің алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі.

Ата-ананың баланың өміріне қызығушылық танытуы да өте маңызды. Баланың кіммен араласатынын, бос уақытын қалай өткізетінін, интернетте нені көретінін білу – бақылау ғана емес, қамқорлықтың белгісі. Мұндай назар баланың өзін бағалы сезінуіне және жауапкершілікті түсінуіне көмектеседі.

Сонымен қатар мектеп пен ата-ананың тұрақты байланысы ерекше рөл атқарады. Жиналыстар, кездесулер, жеке әңгімелер немесе қазіргі заманда жиі қолданылатын онлайн байланыс түрлері – мұның барлығы бала тәрбиесіндегі ортақ түсінікті қалыптастырады. Бір мақсатқа бағытталған екі жақтың ынтымақтастығы әрқашан жақсы нәтиже береді.

Мен мұғалім ретінде әр баланың көзінен үміт көремін. Сол үміттің сөнбеуі үшін біз оларға тек білім ғана емес, қауіпсіз орта да сыйлауымыз керек. Себебі бала өзін қорғалған сезінген кезде ғана еркін ойлайды, шығармашылыққа ұмтылады, болашаққа сеніммен қарайды.

Баланың қауіпсіздігі – тек жеке отбасының немесе бір мектептің мәселесі емес. Бұл – бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Қауіпсіз ортада өсіп келе жатқан бала ертең өз еліне пайдалы, саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі елдің тірегі. Сондықтан олардың қауіпсіздігіне деген қамқорлық ешқашан әлсіреуге тиіс емес. Мектеп пен отбасы бір мақсатта, бір жүректен әрекет еткенде ғана біз балаларға жарқын әрі сенімді болашақ сыйлай аламыз.

Камшат ДӘУЛЕТКЕЛДІ, "мектепке дейінгі шағын орталығы бар Егінсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы.

"АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР, АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН НЕМЕСЕ АРХИВТІК ҮЗІНДІЛЕР БЕРУ" МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалы архивистерінің негізгі міндеті құжаттарды қабылдау, есепке алу, сақтау және пайдалану. Ең өзекті жұмыстарының бірі Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің, жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын қанағаттандыру мақсатында архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер бере отырып, тақырыптық сұранымдарды да орындау болып табылады. Архив мекемелері берген архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер түпнұсқалық заңды күші бар ресми құжат болып табылады.

«Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығы негізінде архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беріледі, мемлекеттік қызмет көрсету осы қағиданың 2 - қосымшасының 6 - тармағына сәйкес тегін көрсетіледі.

Барлық азаматтарға архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алу, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру: белгіленген нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс, мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейінгі уақыттар

ескеріліп, мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Жауапты орындаушы құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу себептері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін күнтізбелік 25 (жырма бес) күннен аспайтын мерзімге ұзарту туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алушы немесе оның уәкілетті өкілі жүгінген архивтік анықтаманы орындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

жеке басты куәландыратын құжат немесе өкілдің нотариалды куәландырылған сенімхаты; архивтік анықтаманы алушы үшін растауды қажет ететін мәліметтерді, пошталық мекен-жайын, байланыс телефонын, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, стандартта көрсетілген нысан бойынша толтырылған өтініш, (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растатын құжаттардың көшірмелері өтінішке қоса беріледі).

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының мекен-жайы: индекс:040100, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Тәуелсіздік көшесі,61.

Г.МЕЙРАМБЕКОВА, «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалының директоры.

АРДАҒЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚ ПАҒЫЗЫ



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай Е.Сиқымов атындағы орта мектептің 7 «Ә» - сынып оқушылары ерекше игі іс жасады. Олар Төлеубекова Арайлым Күмісбекқызының жетекшілігімен ауылымыздағы ардақты ардагер Есеналиева Раиса Байзолдақызының үйіне барып, мерекемен құттықтады. Оқушылар ардагерге гүл

шоқтарын табыстап, жылы лебіздерін білдірді. Олар мерекелік өлеңдер оқып апамызға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ардагер анамыз жастардың ізеттілігі мен қамқорлығына ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Сонымен қатар өз өмір жолы мен өткен күндер туралы қызықты естеліктерімен бөлісті.

Мұндай кездесулер жас ұрпақтың үлкенге деген құрметін арттырып, ел тарихына деген қызығушылығын оятады. Оқушылар үшін бұл тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор кездесу болды.

Ардагерлерге құрмет көрсету – әрбір ұрпақтың азаматтық борышы. Осындай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз.

Арайлым ТОЛЕУБЕКОВА, “Е.Сиқымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен” КММ - нің орыс тілі пәнінің мұғалімі.

ҰСТАЗ – ҰРПАҚКА ҮЛГІ
Ардақты ұстаздың мерейі белесі



16 наурыз күні Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ардақты ұстаз **Заманова Айгүл Байғоржынқызы** мерейлі 60 жас белесіне келіп отыр.

Ұстаздық – үлкен жүректі, зор жауапкершілікті талап ететін қасиетті мамандық. Айгүл Байғоржынқызы осы абыройлы жолда талай жыл еңбек етіп, сан шәкірттің жүрегіне білім мен тәрбие нұрын сеуіп келе жатқан тәжірибелі педагог. Ол өз ісіне адал, талапшыл, шәкірттерінің болашағына бейжай қарамайтын жанашыр ұстаз ретінде әріптестері мен оқушыларының зор құрметіне бөленіп келеді.

Қазақ тілі мен әдебиетінің тереңдігін шәкірттеріне түсіндіре отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақты елжанды, білімді азамат болып қалыптасуға баулиды.

Оның әр сабағы мазмұнды, тәрбиелік мәні зор. Ұстазымыздың мерейі мен па-

расаты, ақыл-кеңесі көптеген шәкірттерінің өмір жолында бағыт-бағдар болып келеді. Айгүл Байғоржынқызы – ұжым арасында сыйлы, шәкірттері үшін әрдайым қамқор сынып жетекші. Оның тәлім-тәрбиесін алған шәкірттері ұстаз еңбегін әрдайым жоғары бағалап, мақтан тұтады.

Осы мерейлі сәтте Айгүл Байғоржынқызын 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің алғысына бөлене беруіңізді тілейміз.

Ұстаздық жолыңыз әрдайым абыройлы болып, мерейіңіз үстем болсын!

Ұстаз деген – ұлы есім, асыл арман, Шәкірт жүрек Сізбен бірге жасап алған. Алпыс жаста абыройыңыз асқақтай берсін, Ізіңізбен талай шәкірт қанат қаққан.

Мейірімі төгілген ұстазымыз, Өзіңізге келеді ұқсағымыз. Сіздің салған жолменен самғап ұшты, Қолыңыздан ұшырған құстарыңыз.

Гүл көктем сыйлап Сізге жастық лебін, 100 жасқа жетелесін тәтті сезім.

Деніңіз сау, отбасы аман болсын, Шәкірттердің қабыл ал ақ тілегін.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН, 2007 жылғы 11 «Ә» сыныбы, шәкірттеріңіз.

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

АЛҒЫС СӨЗ – ЖҮРЕКТІҢ АЙНАСЫ

1 наурыз – еліміздегі ерекше мейрамдардың бірі – Алғыс айту күні. Бұл күн адамдардың бір-біріне ризашылық білдіріп, жақсылық пен мейірімділікті дәріптейтін мереке ретінде атап өтіледі. Алғыс айту – адамгершіліктің, сыйластықтың және достықтың белгісі.

«Алғыс сөз – жүректің айнасы» деп бекер айтылмаған. Себебі адамның шынайы алғысы оның ішкі мәдениетін, тәрбиесін және айналасына деген құрметін көрсетеді. Қарапайым ғана «рахмет» деген сөз кейде адамның көңілін көтеріп, жүрегіне жылулық сыйлайды.

Бұл күні адамдар ата-анасына, ұстаздарына, достарына және өмірде қолдау көрсеткен жандарға ризашылықтарын білдіреді. Әсіресе үлкендерге алғыс айту – ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі. Халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нақыл сөз бар. Яғни, жақсылықты бағалап, алғыс айту арқылы адамдар арасындағы сыйластық пен бірлік нығая түседі.

Алғыс айту күні – тек сөзбен ғана емес, іспен де ризашылық білдіретін күн. Біреуге көмектесу, жақсы сөз айту, айналадағы адамдарға құрмет көрсету – мұның бәрі алғыстың көрінісі. Осындай

игі іс – әрекеттер қоғамдағы татулық пен достықты арттырады.

Қорыта айтқанда, алғыс айту – үлкен адамгершілік қасиет. Әр адам өмірінде жақсылық жасаған жандарды ұмытпай, ризашылық білдіріп жүрсе, қоғамда мейірім мен жылулық арта түсер еді. Сондықтан алғыс айту тек мерекеде ғана емес, күнделікті өміріміздің бір бөлігі болуы тиіс.

Алғыс айту тек бір күнмен шектелмеуі керек. Күнделікті өмірде де бір-бірімізге жылы сөз айтып, жасаған жақсылықты бағалай білу – қоғамдағы татулық пен түсіністікті арттырады. Кейде қарапайым ғана «рахмет» сөзі біреудің көңілін көтеріп, жүрегіне қуаныш сыйлайды.

Алғыс айту күні – жақсылықты бағалап, мейірімділікті насихаттайтын мереке. Әр адам жүрегіңдегі ризашылықты жасырмай, айналасындағы жандарға алғыс айтып жүрсе, қоғамымыз одан әрі мейірімді әрі тату болары сөзсіз.

Б.КАМЕТЖАНОВА, Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

2026 жылғы 26.03-нен бастап бес жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Жетісу облысы Ақсу ауданы Бүйен өзеніндегі гидротарапты қайта жаңарту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8. Тел.: 8 (7172) 74-11-39, e-mail: kense-kvh@minsu.gov.kz

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Жәнекенов атындағы жобалау институты» ЖШС, 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Ескертулер мен ұсыныстар 26.03.2026 – 01.03.2026 жылдар аралығында сондай-ақ, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті» ММ мекенжайы бойынша, тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 26.03.2026 г. в течение пяти рабочих дней на информационной системе Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> будет проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция гидроузла на р. Буиен Аксуского района область Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: «Комитет водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан», г.Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік ел, 8. тел. 8 (7172) 74-11-39, e-mail: kense-kvh@minsu.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ТОО «Проектный институт имени Джанекенова Ж.П.» тел. 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней с 26.03.2026 по 01.04.2026 г. на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а так же по адресу МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26.

АЙНАЛАЙЫН-АНАШЫМ!



Балабақшамызда көктемнің ең жарқын мерекесіне орай Н.Есеболатов шағын орталығының кіші тобында Айналайын - Анашым! атты мерекелік іс - шара өтті. Бұл шараның мақсаты - балалардың

анаға деген сүйіспеншілігін арттыру,аналарды құрметтеуге тәрбелеу және отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Мерекелік іс шараға бүлдіршін-дердің аналары мен әжелері арнайы шақырылып,

балалар өз өнерлерін көрсетті. Кішкентай тәрбеленушілер аналарға арналған әндерін айтып, әсем билерін биледі. Әсіресе, балалардың аналарына деген жылы жүрек жарды тілектері мен шынайы сезімдері көрермендердің көңілін толқытты.

Шара барысында түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылып,аналар мен балалар бірге қатысып,ерекше көңіл – күй сыйлады. Бүлдіршіндер өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын аналарына табыс етті.

Мерекелік кеш соңында балабақша ұжымы барлық аналарды құттықтап,оларға зор денсаулық, отбасыларына амандық пен береке тіледі. Осындай игі шаралар арқылы балалардың жүрегіңде анаға деген мейірім мен құрмет сезімі одан әрі арта түсетіні сөзсіз.

Ж.МОЛБАЕВА, Н.Есеболатов КММ шағын орталық тәрбиешісі.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор - бас редакторының міндетін уақытша атқарушысы **СЫМХАНОВ ЕРБОЛ ӘБДІКӘРІМҰЛЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2536

☎ Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
✉ Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26.т.